

**Кедендік декларация беру Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 031/2012) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты ұсынумен сүйемелденетін өнімнің тізбесін бекіту туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 30 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 294 шешімімен бекітілген Кеден одағы шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімді (тауарларды) Кеден одағының кедендік аумағына әкелу тәртібі туралы ереженің 2-тармағының "в" тармақшасын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 8-тармағына, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 8-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған кедендік декларация беру Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 031/2012) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты ұсынумен сүйемелденетін өнімнің тізбесі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 12 сәуірдегі  
№ 30 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Кедендік декларация беру Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 031/2012) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты ұсынумен сүйемелденетін өнімнің ТІЗБЕСІ**

Өнімнің атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Сәйкестікті бағалау туралы құжат	Ескертпе
1	2	3	4

1. Тракторлар мен тіркемелер:			
1) ең жоғары есептік жылдамдығы сағатына кемінде 6 км ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының дөңгелекті тракторлары	8701 90 (8701 91 100 0 басқа)	сәйкестік сертификаты	
2) ең жоғары есептік жылдамдығы сағатына кемінде 6 км ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының шынжыр табанды тракторлары	8701 30 000 9	сәйкестік сертификаты	
3) ең жоғары есептік жылдамдығы сағатына кемінде 6 км, ауыл шаруашылығы немесе орман шаруашылығы мақсатындағы жүктерді тасымалдауға арналған трактор тіркемелері	8716 20 000 0 8716 31 000 0 8716 39 300 9 8716 39 510 0 8716 39 590 9 8716 39 800 5 8716 39 800 8 8716 40 000 0	сәйкестік сертификаты	
2. Тракторлардың немесе тіркемелердің компоненттері:			
1) жарық түсіретін және жарықпен сигнал беретін аспаптар:	8512 20 000	сәйкестік сертификаты	
артқы габариттік шамдар			
артқа жүруді көрсететін фонарьлар			
тежеу сигналдары			
бұрылыс көрсеткіштері			
алысқа жарық түсіретін фаралар			
жақынға жарық түсіретін фаралар			
тұманға қарсы фаралар			

тұманға қарсы артқы шамдар			
тұрақ шамдары			
артқы нөмірлік белгіге жарық түсіруге арналған тегік			
2) жарықты шағылыстыратын тегіктер	8708 29 900	сәйкестік сертификаты	
3) артқы көрініс айнасы	7009 10 000	сәйкестік сертификаты	
4) дыбыспен сигнал беру құрылғысы	8512 30 100	сәйкестік сертификаты	
5) шынылар	3926 90 970 9 7007 11 100 7007 21 200	сәйкестік сертификаты	
6) қауіпсіздік белдіктері	8708 21 900	сәйкестік сертификаты	
7) жылдамдықты шектеу құрылғылары	8409 91 000 8 8409 99 000 9 8479 89 970 8 8511 80 000 8 8537 10	сәйкестік сертификаты	
8) спидометрлер	9029 20 310	сәйкестік сертификаты	
9) механикалық сүйреу-тіркеу құрылғылары	8708 29 900 8716 90 900 0	сәйкестік сертификаты	
10) шиналар	4011 70 000 0 4011 92 000 0	сәйкестік сертификаты	
11) қозғалтқыштар	8407 31 000 0 8407 32 8407 33 000 0 8407 34 8408 20	сәйкестік сертификаты	
12) орындықтар	9401 20 000	сәйкестік сертификаты	
13) кабиналар	8707 90 900 9	сәйкестік сертификаты	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК